

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасында
Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың,
олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де
қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 973 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі
арасындағы Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының,
психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың
заңсыз айналымына және өзге де қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық
туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Болгария Республикасының Үкіметі,

олардың арасындағы ынтымақтастық терроризмнің және ұйымдасқан қылмыстың,
есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және
прекурсорлардың заңсыз айналымының, шекара арқылы адамдардың, көлік
құралдарының және жүктердің заңсыз өтуінің, сондай-ақ өзге де ауыр қылмыстардың
алдын алу және оларға қарсы күресу үшін ерекше маңызы бар екендігіне сенім білдіре
о т ы р ы п ,

екі мемлекеттің терроризмге қарсы тиімді күрес жүргізудегі шешімін растай

о т ы р ы п ,

бүкіл әлемде есірткі заттарын теріс пайдалану мен олардың заңсыз айналымының көбеюіне алаңдаушылық білдіре отырып,

заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі тиімді шараларды қабылдамақшы болып,

1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның, 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға 1972 жылғы 25 наурыздағы Қосымша Хаттаманың, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы конвенцияның және 1938 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ конвенциясының ережелерін ескере отырып,

өз мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелері мен ұлттық заңнамасын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Түсіндірмелер

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында "есірткі құралы", "психотроптық зат", "аналог", "прекурсор", "заңсыз айналым" деген терминдер 1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияда , 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияға 1972 жылғы 25 наурыздағы Қосымша Хаттамада, 1971 жылғы 21 ақпандағы Психотроптық заттар туралы конвенцияда және 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ конвенциясында көрсетілген ұқсас терминдерге сәйкес келеді.

2-бап

Ынтымақтастық саласы. Құзыретті органдар

1. Тараптар қылмысқа қарсы күрестегі ынтымақтастықты өз мемлекеттерінің заңнамасын және халықаралық міндеттемелерін сақтай отырып, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өзінің қылмысқа қарсы күрестегі құзыретті органдары арқылы жү з е г е а с ы р а т ы н б о л а д ы .

2. Осы Келісім қылмыстық істер мен экстрадициялау жөніндегі құқықтық көмек көрсетуге байланысты мәселелерге жатпайды.

3. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында мыналар Тараптардың құзыретті органдары болып табылады:

Қазақстан Республикасы тарапынан:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті;
Болгария Республикасы тарапынан:

Болгария Республикасының Ішкі істер министрі.

4. Әрбір Тарап дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа өз құзыретті органдарының атауларындағы өзгерістер туралы дер кезінде хабар береді.

5. Құзыретті органдар өз өкілеттіктері шеңберінде ынтымақтастықты тікелей жүзеге асырады, ынтымақтастықтың нақты нысандары және байланыс тәсілдері туралы уағдаласады.

3-бап

Ынтымақтастық саласы

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай салалардағы қылмыстардың:

- 1) терроризмнің;
- 2) халықаралық ұйымдасқан қылмыстың;
- 3) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымының;
- 4) заңсыз көші-қонды, адамдардың заңсыз келуін ұйымдастырудың, адамдарды сатудың;
- 5) қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, химиялық, биологиялық, радиоактивті материалдарды, стратегиялық маңызды тауарлар мен технологияларды, әскери техниканы, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдарды, жабдықтар мен құрамдастарды заңсыз сатып алудың, берудің, сақтаудың және сатудың;
- 6) автокөлік құралдарын ұрлаудың және заңсыз сатудың, заңсыз жолмен шығарылған автокөлік құралдарын немесе сақтандыру алаяқтығы құралдары болып табылатын автокөлік құралдарын халықаралық ұйымдасқан заңсыз сатудың;
- 7) акциздік тауарлар контрабандасының және халықаралық саудамен және экономикалық айырбаспен байланысты басқа қылмыстардың;
- 8) ақшаны, таксалық маркаларды, почта маркаларын және бағалы қағаздарды, қолма қол ақшасыз төлем құралдары мен ресми құжаттарды бұрмалау және қолдан жасау, сондай-ақ жалған және қолдан жасалған ақшаны, таксалық маркаларды, почта маркаларын мен бағалы қағаздарды, қолма қол ақшасыз төлем құралдарын және ресми құжаттарды өткізудің;
- 9) заңсыз қаржы операцияларының, экономикалық қылмыстардың және қылмыстық жолмен табылған қаржыны заңдастырудың;
- 10) өмірге, денсаулыққа, бостандыққа, адамның ар-намысына қарсы қылмыстардың

;

11) меншікке қарсы қылмыстардың;

12) мәдени және тарихи құндылықтарды, өнер туындыларын, бағалы металдар мен минералдарды және басқа да бағалы заттарды заңсыз сатудың;

13) қоршаған ортаға қарсы қылмыстардың алдын алуда, жолын кесуде және оларды ашуда ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

2. Тараптар алдын алу және оларды ашу олардың құзыретті органдарының ынтымақтастығын талап ететін өзге де қылмыс түрлеріне қарсы күресте бір-біріне жәрдемдеседі.

3. Тараптар ынтымақтастықты тек қана өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылатын әрекеттерге қатысты жүзеге асырады.

4-бап

Ынтымақтастық түрлері

Ынтымақтастық мақсатында Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес:

1) күдікті адамдар немесе ауыр қылмыстар, әсіресе ұйымдасқан қылмыс саласында қылмыс жасауға қатысқан адамдар туралы, қылмыскерлердің байланыстары туралы тәжірибемен және деректермен, қылмыстық іс-әрекет жасайтын ұйымдасқан қылмыстық топтар және олардың құрылымдары туралы, жекелеген қылмыскерлер мен топтардың ортақ сипаты туралы, қылмыс жасаудың уақыты, орны мен тәсілі, қылмыстық қол сұғушылық жасалатын объектілер туралы, ерекше жағдайлар туралы, нақты құқықтық нормаларды бұзу туралы және қылмыстардың алдын алу мен жолын кесуде қабылданған шаралар туралы ақпарат алмасады;

2) жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу кезінде өзара іс-әрекет жасасады және бір-біріне өзара ұйымдастырушылық көмек көрсетеді;

3) қылмыстық әрекеттің жасалуына күдікті, қылмыстық жауапкершіліктен немесе белгіленген жазаны орындаудан жалтарушы адамдарды іздестіруде ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) ұқсастырылмаған адамдардың немесе олардың шіріген мүрделерін ұқсастыруға байланысты іс-әрекеттер жасауды қоса алғанда, қылмыстық іс-әрекетке қатысы бар жоғалып кеткен адамдарды іздестіруде ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұрланған заттарды және қылмыстық әрекетпен байланысты басқа да нәрселерді іздестіруде ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) осы Келісімге сәйкес қылмыстарды ашу кезінде дербес, техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсетуде ынтымақтастықты өзара үйлестіреді;

7) трансұлттық сипаттағы қылмыс жасаудың тәсілдері мен жаңа түрлері туралы

ақпаратпен және тәжірибемен алмасу;

8) жұмысты одан әрі дамыту мақсатында қылмыстық іс-әрекеттің криминалистикалық және криминологиялық зерттеу нәтижелері туралы, тергеу тәжірибесі, жұмыс әдістері, тергеу техникасы, жұмыс әдістері мен құралдарын қолдану туралы өзара ақпарат алмасады;

9) ынтымақтастық процесінде туындайтын, оның ішінде жұмыс топтарын құру, өкілдермен алмасу және кадрларды оқыту мәселелері бойынша өз қызметін үйлестіреді

5-бап

Терроризмге қарсы күрес

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес терроризмге қарсы күрес саласында:

1) жоспарланған немесе жасалған террористік актілер туралы, оларға қатысушы адамдар туралы, осы актілерді жасауда пайдаланылған тәсілдер және құралдар туралы, анықталған немесе ықтимал қаржыландыру көздері мен арналары туралы, террористік ұйымдар мен топтарға материалдық-техникалық және өзге де ұйымдастырушылық көмек көрсету түрлері туралы тәжірибемен және мәліметтермен;

2) Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында қылмыстық әрекеттер жасауды жоспарлаған немесе жасаған террористік ұйымдар және олардың мүшелері туралы ақпаратпен;

3) терроризмге байланысты талдама және тұжырымдамалы материалдармен алмасатын болады.

6-бап

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес саласында:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысатын адамдар, оларды жасыру орындары, көлік жолдары және әрекет ету құралдары мен әдістері, есірткі заттарының, прекурсорлар мен олардың аналогтарының шыққан жері және жеткізу пункттері, сондай-ақ осы қылмыстық әрекетті ашуға қажетті оның айрықша детальдары туралы тәжірибемен және деректермен өзара алмасатын болады;

2) бір-біріне есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымының әдістері туралы ақпараттар мен деректер, сондай-ақ осымен байланысты басқа да деректер және тәжірибе береді;

3) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың заңсыз айналымын болдырмауға бағытталған шараларды бірлесіп жүзеге асырады;

4) бір-біріне өсімдіктен алынатын және синтетикалық есірткі құралдарының, психотроптық заттардың үлгілерін береді.

7-бап

Заңсыз көші-қонға және адамдар сатуға қарсы күрес

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес заңсыз көші-қонға және адамдарды саудаға салуға қарсы күрес саласында:

1) адамдардың заңсыз көші-қонына және оларды сатуға қарсы күресте қол жеткізілген тәжірибемен және мәліметтермен алмасады;

2) адамдарды сатумен айналысатын адамдар туралы тәжірибемен және мәліметтермен алмасады;

3) шетелге бару үшін бөгде біреудің құжаттарын бұрмалау мен теріс пайдалану және паспорттық-визалық режимді өзге де бұзу оқиғалары туралы ақпарат береді;

4) көші-қон үрдістерімен және процестерімен байланысты талдама және тұжырымдамалы материалдармен алмасады;

5) өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шетелдік азаматтардың өз мемлекеттері аумағында болуы мен тіркелуінің тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдерге қатысты ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

8-бап

Ынтымақтастықты жүзеге асыру шарттары

1. Осы Келісімге сәйкес Тараптардың біреуінің сұрау салуы бойынша бір Тараптың құзыретті органдары екінші Тараптың құзыретті органдарына қажетті ақпаратты береді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сұрау салу жазбаша түрде жіберілуі тиіс, оған сұрау салуды жолдаған құзыретті органның елтаңбалық мөрі басылу керек және мыналар:

1) Тараптардың құзыретті органдарының атауы;

2) мүмкіндігінше сұрау салудың мақсаты, осыған қатысы бар адамдар, ақпарат сұратылып отырған фактілер, заттар мен құжаттар туралы барынша толық мәліметтер, сондай-ақ оны орындауға қажетті басқа да мәліметтер;

- 3) орындалуы талап етілетін нақты рәсімнің толық сипаттамасы;
- 4) қажет болғанда сұрау салудың орындалуы күтілетін мерзімдер көрсетілуі тиіс.

3. Сұрау салу орыс тілінде немесе сұрау салушы Тараптың мемлекеттік тілінде ж і б е р і л е д і .

4. Тараптардың құзыретті органдары қылмыстарды ашуға, олардың алдын алуға және тергеу жүргізуге көмегі тиетін, Тараптардың мүдделерін қозғайтын ақпаратты, егер де ол екінші Тарап үшін қызығушылық тудырады деп есептеуге негіздер болса, өз бастамасы бойынша сұрау салусыз екінші Тарапқа жібере алады.

5. Сұрау салуларды орындау мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде жүзеге асырылуы тиіс. Қажет болған кезде Тараптардың құзыретті органдары сұрау салудың орындалуын жеңілдететін қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

9-бап

Сұрау салуды орындаудан бас тарту

1. Егер сұрау салу адам құқықтарының бұзылуына себеп болуы, мемлекеттің егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін болса немесе сұрау салынатын Тарап мемлекетінің заңнамасына қайшы келетін болса, сұрау салуды орындаудан толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін.

2. Сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары 15 күн ішінде бас тартудың себептерін көрсете отырып, бір-біріне жазбаша түрде хабар береді.

10-бап

Дербес деректерді қорғау

Берілетін дербес деректерді қорғау мақсатында Тараптар осы Келісімге және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес мынадай талаптарды сақтайды:

1) деректерді алған Тарап оларды тек қана берген Тарап айқындаған мақсаттарда және белгілеген шарттарда қолдана алады;

2) сұрау салу бойынша деректер алған Тарап басқа бір Тарапқа оларды пайдалану және оның нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлайды;

3) адамдар туралы деректер осы Келісімнің 2-бабының 3-тармағында санамаланған Тараптардың құзыретті органдарына ғана берілуі мүмкін. Деректерді басқа органдарға беру тек қана беруші Тараптың жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін;

4) деректерді беруші Тарап деректерді берудің қажеттілігі мен мақсаттылығы туралы шешім қабылдайды және берілетін деректердің шынайылығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте деректердің берілуіне шектеу қоятын немесе тыйым салатын құқықтық ережелерді сақтау керек. Берілген деректердің шынайы еместігі немесе беруге болмайтын деректер анықталған кезде ол туралы алушы Тарапқа дереу хабар беріледі.

Алушы Тарап шынайы емес деректерді түзетуі тиіс, ал берілуі тиіс емес деректер ж о й ы л у ы т и і с ;

5) өзіне қатысты деректер берілуі тиіс немесе берілген адам, Тараптың ұлттық заңнамасында бұған рұқсат етілген болса, берілетін деректер туралы және оларды пайдалану мақсаты туралы ақпарат сұрай алады;

6) беруші Тарап екінші Тарапқа өзінің ұлттық заңнамасында берілген деректерді жою үшін белгіленген мерзімдер туралы хабарлайды. Жекелеген адамдарға қатысты деректер, егер қажет болмаса, бұл мерзімдерге қарамастан жойылуы тиіс. Деректерді берген Тарапқа берілген деректердің жойылғандығы және жою себептері туралы хабар берілуі тиіс. Егер осы Келісімнің қолданылу мерзімі өткен болса, онда оның негізінде алынған барлық деректер жойылуы тиіс;

7) Тараптар деректерді берудің, қабылдаудың және жоюдың есебін жүргізуі тиіс;

8) Тараптар алынған деректерді рұқсатсыз пайдаланудан және заңсыз өзгертуден немесе таратудан мұқият сақтауға міндетті.

11-бап

Жіктелген/құпия ақпарат

1. Егер берілетін ақпарат құпия болса және беруші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес осындай болып белгіленген болса, әрбір Тарап екінші Тарапқа берілетін ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді беру беруші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдаушы Тарап мұндай мәліметтерге қатысты қорғаудың жеткілікті шараларын өзінің мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

3. Тараптар жіктелген/құпия ақпараттармен өздерінің арасында Жіктелген/құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісім жасасқаннан кейін алмасады.

4. Тараптар ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты үшінші Тарапқа ұсынбайды.

12-бап

Ынтымақтастықтың жұмыс тілі

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру кезінде Тараптар орыс тілін пайдаланады.

13-бап

Бірлескен комиссия

1. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар өздерінің құзыретті органдарының уәкілетті өкілдерінің бірлескен комиссиясын құрады.

2. Бірлескен комиссия өзара мүдделілік білдіретін мәселелерді қарау қажеттілігіне байланысты Тараптар мемлекеттерінің астаналарында кезекпен шақырылады.

14-бап

Шығыстар

Тараптар осы Келісімді орындауға байланысты шығыстарды, егер әрбір жекелеген жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, дербес көтеретін болады.

15-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындаған келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

16-бап

Басқа шарттарға қатысы. Өзгерістер мен толықтырулар

1. Осы Келісім Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің мәтініне жазбаша ресімделетін және осы Келісімде белгіленген рәсімге сәйкес күшіне енетін толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

17-бап

Қолданылу мерзімі, күшіне енуі, қолданылуын тоқтатуы

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күн өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 6 (алты) ай өткенге дейін күшінде болады.

_____ жылғы " __ " _____ Астана қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, болгар және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Болгария Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК